

Д.Ө.Өзбеков

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: d_ozbekov@mail.ru)***Ұйымдасқан топпен жасалатын қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері**

Мақалада ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу мәселелері қарастырылды. Автормен ұйымдасқан қылмыстылықпен тиімді күресуді жүзеге асыру мақсатында және ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасау саралаушы белгісінің рөлін арттыруға байланысты ҚР Қылмыстық кодексіні жетілдіру бойынша бірқатар негізді ұсыныстар жасалды.

Кілтті сөздер: қылмыстық құқық, қылмысты жіктеу, саралау белгілері, ұйымдасқан қылмысты топ, қылмысты ұйым, ұйымдасқан қылмыспен күресу.

Қатысушылардың өзара қатысу тәсіліне, екі немесе одан да көп тұлғалар күшінің бірігуіне байланысты бірлескен қылмыстық іс-әрекет өзіндік сапалық қасиеттерге ие болады. Қылмысқа қатысудың әр түрлі іс-әрекеттері белгілі бір нысандарға бөлінеді, бұл бірлескен қылмыстарға жауапкершілікті дербес тағайындауға және оларды саралауға мүмкіндік береді. Қылмысқа қатысу нысаны — бұл біріккен қылмысқа екі немесе одан да көп тұлғалардың қасақана іс-әрекеттері қандай жолмен бірігетіндігін көрсететін, кінәлілердің өзара қатысу тәсілін ашатын қылмысқа қатысудың сыртқы сипаты. Қылмысқа қатысу нысаны туралы мәселе тергеу және сот практикасы үшін аса маңызды, өйткені мұнсыз жекелеген қатысушылардың іс-әрекеттерін нақты саралау және олардың жауапкершілігінің шегін анықтау мүмкін емес. Сонымен қатар сот-тергеу тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, қылмысты бірлесіп жасаудың салдарынан көп жағдайда ауыр, ерекше ауыр қылмыстар жасалынады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-бабында ұсынылған қылмысқа қатысудың топтық нысандарымен жасалатын қылмыстарды дұрыс саралай білудің маңызы арта түседі.

Қылмысқа қатысу нысандарының Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (ҚК) 31-бабының жеке бөлімдерінде көрсетілудегі, оның қылмыстық-құқықтық маңыздылығы және де қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық жасайтындардың қауіптілігінің жоғарлататыны сөзсіз.

Топтық қылмыстардың жоғары қоғамдық қауіптілігі өте айқын, өйткені нақты қол сұғушылықтың пайда болуы, оның аяғына дейін жеткізілуі, бір адамның жасаған қылмысына қарағанда, үлкен зиянды зардаптарды келтіру мүмкіндігі арта түседі.

Сондықтан ҚК Ерекше бөлімінде қылмыс нысандарының ерекше саралаушы белгі ретінде әр түрлі қылмыстардың құрылымында көрсетілуі, олардың қылмыстық-құқықтық маңыздылығы және де басқа да нормаларда көрсетілмеу жақтарына ғылыми талдау қажеттігі туындайды.

Қылмыстық құқық теориясында қылмысқа қатысу институты, оның қағидалары және теориялық ұғымы жауапкершілікті не күшейтпейді, не әлсіретпейді, сонымен бірге жалпы қылмысқа қатысу саралаушы немесе ауырлататын мән-жай болып табылмайды деген пікір бар [1].

Қылмыстық кодекстің Жалпы бөліміндегі айтылған ережелер негізінде заңшығарушы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде көрсетілген көптеген қылмыстардың саралаушы белгілерін жекешелеп, оларды жауапкершілікті ауырлататын мән-жай ретінде бекітті. Қылмыстық кодекстің 54-бабы 1-бөлімінің «в» тармағына сәйкес жазаны ауырлататын мән-жайлар қатарына: адамдар тобының, алдын ала сөз байласқан адамдар тобының, ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық сыбайластықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасау жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-бабының 3-тармағына сәйкес ұйымдасқан топ деп құрылғаны үшін Қылмыстық кодекстің 235-бабының 1-тармағымен жауапкершілік көзделген ұйымдасқан қылмыстық топты ғана емес, сонымен бірге құрылғаны үшін Қылмыстық кодекстің 237-бабының 1-тармағымен жауапкершілік көзделген тұрақты қарулы топты (банданы) да түсіну қажет. Бұл ретте банда ұйымдасқан қылмыстық топтан қарулануымен және қылмыстық мақсаты азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасауымен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының «Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» 21.06.2001 ж. нормативтік № 2 Қаулысында былай делінген: «Банда дегеніміз — адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатында алдын ала біріккен, екі немесе бірнеше

адамдардан құрылған тұрақты қаруланған топ. Банда бір қылмысты жасау үшін құрылуы мүмкін, бірақ бұл қылмысты жасау үшін мұқиятты дайындық қажет болуы шарт. Басқа ұйымдасқан топтардан банда өзінің қаруланғанымен және қылмыстық мақсаты — адамдар мен ұйымдарға шабуыл жасаумен ерекшеленеді». Айтылғандарды тұжырымдасак: 1) Банда ұйымдасқан топқа жатқызылған. 2) Банда бір немесе бірнеше қылмыстар жасау үшін құрылады. 3) Ұйымдасқан топтардың барлығын қаруланған және қаруланбаған деп бөлуге болады, банда соның біріншісіне жатады. 4) Жоғарғы Соттың пікірінше, барлық ұйымдасқан топтардың мақсатын екіге бөлуге болады: адамдар мен ұйымдарға шабуыл жасау және онсыз; банда соның біріншісіне жатады. Бірақ Жоғарғы сот қателеседі, тек банда ғана емес, сонымен қатар қаруланбаған ұйымдасқан топтар да адамдар мен ұйымдарға шабуыл жасау мүмкін. 5) Жоғарғы сот тұрақтылықты қаруланғандық сияқты ұйымдасқан топтың шегінен шығарған, банданың мәні бойынша үш белгісін көрсеткен: тұрақтылық, ұйымдасушылық, қаруланғандық. Бұл арқылы ол ұйымдасқан топты тұрақтылық белгісінен айырады, ал бұл позитивті болып табылады. 6) Жалпы мұндай жағдайда ұйымдасқан топты бір ғана белгісімен сипаттауға болады, ол алдын ала біріккен тұлғалардың болуы.

Профессор Б. Нұрғалиевтің пікірінше, «ұйымдасқан қылмыстық топ — бұл пайда табу мақсатында қылмыстық әрекеттер жасаумен шұғылданатын және әлеуметтік бақылаудан қорғану жүйесін құрайтын тұрақты әрі бір орталықтан басқарылатын қылмыстық құрылымдардың айтарлықтай үлкен тобы».

Ұйымдасқан топтың ұйымдасқандығы тұрақтылығы туралы мынадай белгілері куәландырады: оның орнықтылығы, құрамында ұйымдасқан құрылымдардың болуы, мүшелерінің беріктігі қылмысты жоспарлауы мен оған жан-жақты даярлануы ұйымдастырушы мен жетекшілердің нұсқауларын орындау және этаптың тәртібіне бағыну.

Ұйымдасқан қылмыстық топтың белгілері ретінде мынадай жағдайларды көрсетуге болады: қылмыс жасауға дайындалу, рөлдерді бөлу, топ мүшелерінің белгілі бір тәртіпке және ұйымдастырушының нұсқауларына бағынуы. Шын мәнісінде аталған жағдайларды ұйымдасқан қылмыстық топтың белгілеріне жатқызуға болады. Ал қатысушыларды таңдау және тарту туралы айтсақ, бұлар ұйымдасқан қылмыстық топтың белгілері бола алмайды, өйткені оның құрамы белгілі бір қалыпқа келтіріліп, тұрақтандырылған, осыған байланысты оның құрамына жаңа мүшелердің кіруі, одан шығу сияқты, белгілі бір қиындықтарды туғызады.

Ұйымдасқан топта оған қатысушылардың жоғары дәрежеде ұйымдасуы байқалады. Ол қылмысты жоспарлау, қылмыстық әрекеттің сипаты, қылмыс жасау әдіс-тәсілдері, қылмыстың объектісін таңдау, қатысушылардың рөлдерін бөліп алуы, олардың тек өз қызметтерін жасауы, қылмыстың орны мен уақытының анықталуымен сипатталады. Мысалы, ұрлық жасағанда, екіншісі қоймадан алып шығады, үшіншісі оны айналымға салады. Ұйымдасқан топ қылмыс жасағанда қатысушылар келісімнен бас тартуды немесе ауытқуына жол берілмейді, себебі ол ұйымдасқан қылмыстық топтың құлауына әрқашан әкеп соғады.

Ұйымдасқан топты танудағы күрделілік — ол көптеген параметрлері бойынша алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен ұқсас болып келеді. Сондықтан адамдар тобына күні бұрын бірігу тек қана алдын ала уағдаласу жолымен болуы мүмкін. Алайда бұл белгілермен аталған қылмыстық іс-әрекеттің екі нысанының арасын нақты айыру мүмкін емес. Қылмыстық іс-әрекеттің екі нысанына да қатысты бір қылмыс жасау мақсаты сияқты белгісі айырмашылыққа жатпайды (ҚР ҚК 31-б. 2 және 3-бөлімдері). Алдын ала сөз байласқан адамдар тобы мен ұйымдасқан қылмыстық топ арасын нақты айыру үшін ғалым И. Ш. Борчашвили өзінің ғылыми мақаласында ұйымдасқан топ бір ғана қылмыс жасау үшін құрылуы мүмкін емес екенін көрсетеді, сонымен қатар А. Р. Заинутдинова ғылыми еңбегінде «ұйымдасқан қылмыстық топтың анықтамасынан бір қылмыс жасау мақсатын алып тастау ұсынылады» [2]. Біздің ойымызша да, бұл ғалымдармен ұсынылған пікірлер орынды. Себебі ұйымдасқан топ тек бір ғана емес, бірнеше қылмыстар жасау мақсатын көздейді.

Берілген ереженің талдауы көрсеткеніндей, кейбір қылмыс құрамдарында ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекет пен топ нысандарының әрқайсысының қоғамға қауіптілік дәрежесінің әр түрлігіне қарамастан, оларға өзіндік маңыз берілмей тиісті топтық қылмыстық іс-әрекет нысаны ескерілмей, баптардың құрылымында олар жекешелендірілмей барлығы бір қатарда орналастырылған. Ал, ҚК 31-бабының құрылымы, оларды қауіптілік дәрежесіне қарай, өсу сатысын көрсете отырып, жоғарғы шегін де жеке бөлімде көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-бабының 3, 4-тармақтарында көрсетілген қылмысқа қатысу формаларының анықтамаларына жүгінсек, бұл екі нысанға да

ұйымдасқандық пен тұрақтылық тән, және осы екі белгі бір-бірімен тығыз байланыста, бір-бірін толықтыратын қатар ұғымдар ретінде қолданылады.

Соған орай ұйымдасқан топтан қылмыстық сыбайластықты ерекшелейтін беріктік (біріккен) белгісінің ұғымын қарау орынды. С. И. Ожеговтың сөздігі бойынша: *беріктік* — тату, ұйымдасқан, ынтымақты деген ұғымдарды білдіреді. Синонимдер сөздігінде *беріктік* — мықты достықпен (татулықпен) байланысты түсіністікпен, ынтымақтастықпен енуді білдіреді. Ұйымдасқан топтардың беріктігі қылмыстық сыбайластықтың ерекше белгісі ретінде қылмыстық топтың ұйымшылдығының ең жоғарғы дәрежесін білдіреді, олардың қатысушылары тек бірнеше қылмыстық іс-әрекетке бірігіп қана қоймайды, сонымен қатар толық түсіністікпен, ынтымақтастықпен еніп, мықты татулыққа бекінген. Сондай-ақ ұйымдасқан топтан қылмыстық сыбайластықты тек беріктік белгісі бойынша ерекшелеуге болмайды. Өйткені ұйымдасқан топ тұрақты бола тұрып берік ұйыммен тығыз байланысты. Қылмыстық сыбайластық болып тек оның қатысушылары ауыр қылмыстар жасау мақсатын көздегенде танылуы мүмкін. Осыған байланысты тұрақтылық және беріктік қылмыстық құқықтық сипаттамасы бойынша тең дәрежеде ұйымдасқан топ пен қылмыстық сыбайластық ұғымдарында мазмұндалады.

Ұйымдасқан топтың түсінігінің аталған криминологиялық белгілері тек қана құрлымның тұрақтылығын ғана емес, сондай-ақ қылмыстық сыбайластықтың бағаланушы белгісі болып табылатын, оның беріктігінде куәландырады. Осыған байланысты бұл белгілер ажырамастан, әр түрлі қатынаста ұйымдасқан топ пен қылмыстық сыбайластықтың түсінігінде болуы мүмкін. Сондай-ақ әшкерлеуге потенциалды қауіппен біріккен сериялы қылмыстар жасаған ұйымдасқан топ қатысушыларынан әлі қатысушылары өзге қылмыстар жасамаған жаңадан құрылған қылмыстық сыбайластық (ҚР ҚК 235-б. 1-бөлімі) беріктігі төмендеу болуы мүмкін.

Қылмыстық сыбайластықты ұйымдастыруды саралауға қатысты сұрақ одан да күрделі, ҚК 235-бабында ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасау үшін қылмыстық сыбайластықты құру, бұндай сыбайластықты немесе оның бөлімдерін басқару, ұйымдастырушылар, басшылар немесе ұйымдасқан топтың өзге де өкілдерінің қылмысты жоспарлау үшін бірлестігін құру (1-бөлімі), қылмыстық сыбайластыққа немесе басшылар бірлестігіне кіру (2-бөлімі). Белгілі бір бөлігінде норманың құрылымы бандитизмнің құрылымымен сәйкес келеді, бұл оған жоғарыда айтылған бандитизмнің мәселелерін береді, бірақ, бандаға қарағанда, қылмыстық сыбайластыққа қылмысты жасауға қатысудың өзі енгізілмеген. Осыдан шығатын қорытынды: қылмыстық сыбайластықпен қылмыс жасау кезінде әрқашанда ҚК 235-бабын жасалған қылмысты реттейтін баппен жиынтық бойынша саралау қажет. ҚК 235-бабында ауыр және аса ауыр қылмыстарды ғана жасағаны үшін қылмысқа қатысудың нысаны туралы айтылады, осыдан бірінші мәселе туындайды — қылмыстық сыбайластықпен жасалынған онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстарды саралау, өйткені а) сол жерде заң шығарушы қылмыстық сыбайластықты көруге тыйым салады және б) өмірде қылмыстық сыбайластық жиі оларды орындау кезінде орын алады, бірақ олардың қоғамдық қауіптілігі есепке алынуы мүмкін емес.

Бүгінгі қылмыстық сыбайластықтың түсінігінде ең негізгі мәселе қылмыстық сыбайластықпен жасалынатын аса ауыр қылмыстарды саралаудың мүлдем мүмкін еместігі. Мысалы, адам өлтіру қылмыстық сыбайластықпен жасалынды. ҚК 96-бабында бұндай саралаушы белгі жоқ. ҚК 96-бабының 2-бөлімінің «ж» тармақшасында кісі өлтіруді алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен жасауы ғана қарастырылған. Бірақ қылмыстық сыбайластықпен жасалынған кісі өлтіруді аталған тармақшамен саралауға болмайды, себебі заңнама заң ұқсастығын пайдалануға тыйым салады. Жиынтығы бойынша 96-бабының 1-бөлімін және ҚК 235-бабын саралауға болады, бірақ жазаларда сәйкессіздік туындайды — ҚК 96-бабының 2-бөлімі санкциясына сәйкес алдын ала сөз байланыспаған адамдар тобымен жасалынған қылмыс үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы тағайындалуы мүмкін, ал келтірілген мысалдар жаза қылмыстар жиынтығымен (ҚК 58-б.) шектелген, яғни 25 жылға бас бостандығынан айыру. Біз қайтадан саралаудың қылмыстық сыбайластықтың жоғарылаған қоғамдық қауіптілігін есепке ала алмайтынына көз жеткіземіз.

ҚК 235-бабын құру нәтижесінде заңда сыбайластықпен жасалынатын қылмыстардың көптігін саралау бойынша қарама-қайшылықтар туындайды. Қылмысқа қатысудың жалпы ережесіне сәйкес қылмыстардың көптігі қылмыстық ұйымның құрамдас бөлігі болып табылады және жеке саралауды талап етпейді. Бірақ ҚК 235-бабын енгізу кішкене саралау жағдайын өзгертті. Сипатталынатын норма қылмыстық сыбайластықты құру мезітінен бастап қылмыс аяқталған деп танылатын ахуалы түрде

құрастырылған. Осыдан көптеген аяқталған қылмыстың шегінен орналасқан және сәйкесінше оған кіре алмайды. Бандаға қарағанда қылмыстық сыбайластықпен жасалынатын шабуылдарды жасау ҚК 235-бабына енгізілмеген. Бұл да көптілік осы нормадан тыс шығарылып, дербес саралауды қажет ететінін куәландырады. Өте қызық мәселе туындайды — қылмысқа қатысудың азырақ қауіпті нысаны (ұйымдасқан топ) көптілікті қамтиды, ал көбірек қауіпті (қылмыстық сыбайластық) — қамтымайды. Осы кезде қылмыстық сыбайластықты саралаудың жалпы ережелерімен қарама-қайшылықтар туындайды, ол алып тасталыну немесе ҚК 235-бабының Ерекше бөлімінің ескертуіне және саралаушы мән-жайға айналдырылуы мүмкін немесе ҚК 235-бабын материалды нормаға айналдыру жолымен немесе ҚК 235-бабына қылмыстық ұйыммен жасалынатын шабуылдарға қатысу енгізілуі мүмкін. Осы барлық үш вариантта қылмыстық сыбайластықпен жасалатын қылмыстардың көптілігі, саралаудың жалпы және арнайы ережелерінің сәйкестігі мәселесі шешіледі.

Біздің пікірімізше, қылмыстық сыбайластықты қылмысқа қатысудың дербес нысандарының бірі ретінде қарастырып, оны қылмысқа қатысу нысандарын саралаумен сәйкестікте құрастыру ҚК 235-бабынан алып тастап, қылмыстық сыбайластықты қылмысқа қатысудың басқа нысандарымен қатар ҚК жеке нормаларына саралаушы белгі ретінде енгізу қажет. Бұл жағдайда ғана саралаудың аталған мәселелері жойылады және жаңа мәселелер туындамайды, өйткені қылмыстық сыбайластық қауіптірек қылмысқа қатысудың нысаны ретінде қатысады.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-бабында көрсетілген ұйымдасқан қылмыстылықтың екі нысаны жеткіліксіз, соған байланысты заңда басқа да түсініктер: ұйымдасқан топ немесе қылмыстық ұйым бірлестіктері; аймақаралық қылмыстық сыбайластықтар; транснационалдық қылмыстық ассоциациялар, бірлестіктер; қылмыстық топтар; заңдағы ұрылардың қылмыстық сыбайластығы және т.б. беру орынды деген [3]. Авторлар көзқарастарымен, Н. П. Водьконың пікірінше, келісу қиындық тудырады. Өйткені мұндай ұсыныстар ұйымдасқан қылмыстық құрылымдардың түрлерін және ұйымдасқан іс-әрекет нысандарын жаңылыстырып алуға әкеліп соғады дейді. Осыған орай бізде осы ғалымның пікірін қолдай отырып, заңға ұйымдасқан қылмыстық құрылымның жаңа түсініктерін енгізу орынсыз деп санаймыз, себебі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 31-бабында көрсетілген екі нысанның арасынан нақты теориялық айырмашылық табу мүмкін емес.

Қылмыстық сыбайластық — тек ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасауға бағыттылығы бойынша ғана емес және қоғамға өте қауіпті, қылмыстық ұйымдастырушылықтың жаңа сапасы. Мысалы, жүйелі қылмыстық табыстар табатын және жоғары тұрақтылығымен, беріктілігімен сипатталатын қылмыстық құрылымның қол сұғушылығының заты — Қылмыстық кодекспен ауыр қылмыстар санатына жатпайтын жезөкшелікпен айналысуға тарту (270-б.) болуы мүмкін. Бірақ тек бір ғана белгісі бойынша бұндай құрылым қылмыстық сыбайластық ретінде саралана алмайды және, ең бастысы, оның жетекшісі қылмыстық жауаптылыққа ұйымдастырғаны және басшылық еткені үшін тартыла алмайды. Сондықтан да қылмыстық құрылымның сапасын оның қатысушыларының жасаған қылмыстарының ауырлығы арқылы анықтау орынды емес. Ұйымдасқан топ пен қылмыстық сыбайластықтың қоғамға қауіптілік дәрежесі көбіне криминологиялық белгілерімен бағаланады. Қылмыстық сыбайластық алдымен қатысушыларын көбіне бір тектес қылмыстар жасауға мамандайды; олардың үзілмейтіндігі немесе жүйелігі; оның қатысушыларының бағыныштылығы және құрлымының қатаң иерархиялығы; қылмыстық табыстардың ортақ қассаға түсуі; қылмыстық жолмен табылған қаражаттарды заңсыз экономикалық мәмлелерге салу; қылмыстық табыстарды жасыру үшін жалған құрылым құру және т.б. сипатталады.

Адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы, ұйымдасқан топпен қылмыс жасау саралаушы белгілерін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде берілген 368–370-баптарда бір қатарда орналастыру орынды емес. Себебі әскери бөлімшелерде ұйымдасқан топ тікелей қасақаналықпен әрекет етеді және қару иеленіп, екі немесе одан да көп адамдардан тұрады. Сондықтан да әскери қызметкерлердің қаруланып ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысуы командованиеге қарсы бастыққа қарсылық көрсетуі және бастыққа қарсы қатысты күш қолдану іс-әрекеттері түріндегі әрекеттері жай қарсылыққа қарағанда бүлікке жақын тұрады. Осыған орай аталған қылмыс құрамдарындағы «ұйымдасқан қылмыстық топпен жасалуын» адамдар тобы мен алдын ала сөз байласқан адамдар тобы құрамында жасалуына қарағанда өте қатаң жауапкершілік белгілеп баптың жеке тармағына бөліп орналастыру қажет.

Жаңа Қылмыстық кодекс ұйымдасқан қылмыстылықпен күресті белсендіруге есептелген (ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасау) саралаушы белгіге тек формалды маңыз береді. Бұндай

қорытынды адамдар тобы мен алдын ала сөз байласқан адамдар тобының бұзақылық (257-б. 2-б. «а» т.); өлгендердің мәйттерін және олар жерленген жерлерді қорлау (275-б. 2-б. «б» т.); жануарларға қатыгездік жасау (276-б. 2-б.); бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (367-б. 2-б.) қылмысын жасауда аталған белгінің бірдей ауырлататын рөл атқаратындығымен тұжырымдалады.

Ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасауды саралаушы белгі ретінде жоғарыда аталған қылмыс түрлерінде бекіту жалпы алғанда артықтау және ұйымдасқан қылмыстылықпен күресті күшейтуге әсер етпейді. Қазіргі жағдайда айрықша баю мақсатын көздейтін қылмыстық құрылымдардың ұйымдасқан құрылымының көбіне жеке жасалатын жануарларға қатыгездік жасау немесе бұйрыққа бағынбау және оны өзгедей орындамау қылмыстарын жасау мақсатында ұйымдасқан қылмыстық топ құруы қиындық туғызады. Тәжірибеде кездесетін бозбалалар тобымен жануарларды жәбірлеуі, олардың санына қарамастан, ұйымдасқан топ түсінігіне жатпайтындығы айқын.

Біздің ойымызша, бұзақылық сияқты қылмыс түріне ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасауды саралаушы белгі ретінде қосу логикаға сай келмейді. Бұзақылық, ұйымдасқан қылмыстық топтармен дәстүрлі қудаланатын, мақсатқа иеленбейтін және алдын ала қасақана ниетсіз жасалатын, аяқасты болатын, пиғылсыз іс-әрекет екендігі баршамызға мәлім. Ұйымдасқан қылмыстық топ қатысушылары бұзақылық іс-әрекет жасаған жағдайда — бұл орындаушының шектен шығушылығы болады, әйтпесе егер ұйымдасқан қылмыстық топ лидерінің басшылығымен қандайда бір адамдарға бұзақылық іс-әрекет жоспарын дайындап және жүзеге асырса, онда ол бұзақылық емес, өзге қасақана жасалатын әрекет болады: азаматтардың денсаулығына зиян келтіру, мүлктік залал келтіру және тағы басқа. Осыған байланысты аталған (ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасау) саралаушы белгіні Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 257-бабы диспозициясына енгізуі орынды емес.

Заңдық күші мен мүмкін болатын жаза мөлшері жағынан бірдей саралаушы белгілерді, жасалғаны үшін қатаңдығы азырақ жаза мөлшері көзделетін — сәйкесінше максималды 2 және 4 жылға бас бостандығынан айыру мына қылмыс түрлеріне: су жануарлары мен өсімдіктерді заңсыз алу (287-б.), заңсыз аңшылық (288-б.), тұтынушыларды алдау (223-б.), коммерциялық сатып алу (231-б.) бекіту мақсатсыз болып көрінеді. Сонымен қатар тұтынушыларды алдау қылмыс құрамында виктимологиялық элементтер де, жәбірленушілер де бар, сондықтан осы құрамдарға ұйымдасқан топпен қылмыс жасау сияқты саралаушы белгілерді енгізу ақтай қоймайды. Ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасау деген саралаушы белгіні енгізу — қазіргі кезде ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасауға бағытталған ұйымдасқан қылмыстылықпен күресу мақсатында белгіленген қылмыстық-құқықтық норма.

Заң шығарушының бұл позициясы алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен қылмыс жасау мен ұйымдасқан топпен қылмыс жасау бірдей қылмыс құрамдарында бола отыра, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің әр түрлі баптар құрамында бекітілген, сәйкесінше, кінәлілерге жаза анықтау кезіндегі жүктемесі де өзгеше, себебі олардың әрқайсысына әр түрлі жаза мөлшері көрсетілген. Ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасау үшін жаза алдын ала сөз байласқан адамдар тобы құрамында қылмыс жасаған тұлғаларға жаза неғұрлым қатаңырақ. Бұны негізінен қоғам мен мемлекет және тұлға мүддесі үшін неғұрлым қауіпті қылмыстардан көре аламыз. Ұйымдасқан топпен қылмысты жасау түріндегі саралаушы белгісіне Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыстың 24 түрі бойынша өздігінен құқықтық мән берілген. Бұл белгісі бар өзге аталған қылмыс құрамдарында, солармен қатар «ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасау» саралаушы белгісі ретінде, негізінен декларативті роль атқарады.

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін жетілдіру және ұйымдасқан қылмыстылықпен күресте саралаушы белгілердің ролін көтеру бойынша ұсыныстарды талқылаған жөн.

Ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасау саралаушы белгісін ерекше саралаушы белгісі ретінде бөлек тиісті жаза мөлшерімен қосымша келесі қылмыс қарамдарда бөліп құрастырған жөн: 180-б. 2 б. «а» т. (ерекше құнды заттарды ұрлау); 368-б. 2-б. «а» т. (бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету); 369-б. 2-б. «а» т. (бастыққа қатысты күш қолдану әрекеттері); 370-б. 2-б. «в» т. (бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу); 373-б. 2-б. (қашқындық).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің келесі баптарының диспозицияларынан ұйымдасқан топ құрамында қылмыс жасау саралаушы белгісін алып тастау қажет: 104-б. 2-б. «г» т. (денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру); 223-б. 2-б. «б» т. (тұтынушыларды алдау); 231-б. 2,4-б. «а» т. (коммерциялық сатып алу); 257-б. 2-б. «а» т. (бұзақылық); 275-б. 2-б. «б» т. (өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау); 276-б. 2-б. (жануарларға қатыгездік жасау); 287-б. 2-б. (су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу); 288-б. 2-б. (заңсыз аңшылық); 367-б. 2-б. (бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау).

Аталған ұсыныстарды жүзеге асыру ұйымдасқан қылмыстық іс-әрекеттердің нысанына байланысты жазаны жекешелендіруге мүмкіндік береді.

References

- 1 *Vodko N.P.* Criminal legal fight against organized crime: Scientific and practical guide. — Moscow: Jurisprudence, 2000. — 155 p.
- 2 *Zainutdinova A.R.* Responsibility for the organized forms of complicity in the crime under Russian criminal law. — Kazan: Publishing House of Kazan University, 2001. — 134 p.
- 3 *Galimov I.G.* Problems of the fight against organized crime: Thesis of PhD in Law // Kazan. — 1998. — 32 p.

Д.О.Узбеков

Некоторые проблемы квалификации преступлений, совершенных организованной группой

В статье рассмотрены вопросы борьбы с организованной преступностью. В целях обеспечения эффективности борьбы с организованной преступностью автором выдвинут ряд аргументированных предложений по совершенствованию Уголовного кодекса Республики Казахстан и повышению роли в нем такого квалифицирующего признака, как совершение преступления в составе организованной группы.

D.O.Uzbekov

Some issues of qualification of crimes committed by organized crime groups

In the article considered the problems of fighting against organized crime and the reference is made to the fact that the qualifying indication — commitment of crime as a member of the organized group is given only formal significance. For ensuring the effectiveness of the organized crime struggle the author has made some argumentative suggestions in order to improve the crime code of the RK and increase the role of the qualifying indication.